

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№ 6 хаттамасы

Түркістан қаласы

14.02.2025 ж.

Қатысқандар: Факультет деканы А.Куралбаева, Оқу-әдістемелік жөніндегі декан орынбасары Б.Баешова, Ғылым және тәрбие жөніндегі декан орынбасары Қ.Кабекеева, әдіскер Р.Егенова, «Тарих» кафедрасының меңгерушісі Г.Примкулова, «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі А.Тасова, «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының меңгерушісі А.Рысбекова, факультеттің сапа төрағасы Ж. Шалабаева, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы Р.Хазретәліқызы және факультеттің оқу-әдістемелік комитет хатшысы А. Жарылқасынова

Күн тәртібінде

1. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау
2. ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг нәтижелерін талдау.
3. Көктемгі сессия емтихан түрлерін талқылау, бекітуге ұсыну
4. Әр түрлі мәселе

1. Бірінші мәселе бойынша факультет деканы **А.Куралбаева** сөз алды: «Факультетіміздің білімгерлері арасында оқу процесіне, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында онлайн форматта сауалнамалар жүргізілгенін білесіздер. Сауалнама төмендегі 8 аспекті негізінде жүргізілді:

1. Оқу материалдары (силлабус, дәріс материалдары, тапсырмалар, бағалау критерийлері, ұсынылған оқу материалының анықтығы мен қисындылығы) қол жетімді болды ма және оқытушы пәнді түсінікті жеткізді ме?
2. Оқытушының аудиториямен қарым-қатынас жасау қабілетін (аудиториямен толық байланысады, аудиторияның реакциясын бақылайды, пікірталасты конструктивті арнаға аудара алады) қалай бағалайсыз?
3. Оқытушы сабақтарда оқытудың интерактивті, инновациялық әдістерін (кейстер, тренингтер, диспуттар, іскерлік ойындар, дөңгелек үстелдер және т. б.) қолдана ма?
4. Оқытушы тапсырмаларды бағалау критерийлерін (силлабуста немесе сабақтарда) Сізге жеткізе ме және оқытушының Сіздің біліміңізді бағалау әдістемесі қанағаттандыра ма?
5. Алдағы уақытта Сізде болатын пәндерден осы оқытушы сабақ бергенін қалайсыз ба?
6. Оқытушы әрқашан өзін дұрыс ұстады және сіздің үлгеріміңізді әділ бағалады ма?
7. Сіздің СӨЖ немесе емтихан нәтижелеріне әсер еткен оқытушымен жарғыдан тыс қарым-қатынас жағдайлары (бопсалау, сыйлықтар, т. б.) болды ма?
8. Берілген пәннен/курстан күткен үміттеріңіз орындалды ма?

Анонимді түрде алынған сауалнама білімгерлердің өз пікірлерін еркін, әрі ашық білдіруіне мүмкіндік берді. Барлық білімгерлердің белсенді қатысуы сапалы өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. Сондықтан білім алушылардың тапсырған сауалнамаларын әр кафедра деңгейінде талдау жасайық. Сауалнамада қамтылған 8 аспектіге сәйкес кафедра меңгерушілері өз кафедраларыңызда жүргізген талқылаудың нәтижелерімен қысқаша таныстырып өтсеңіздер.

Тарих кафедрасының меңгерушісі Г. Примкулова сөз алды: Сауалнама кафедралардағы 26 оқытушыға қатысты алынған. Сауалнама нәтижесі төмендегі кестеге сай көрсеткіштерді көрсетті. «Сауалнама нәтижелері, жиналған деректер оқу сапасын жетілдіру бойынша нақты шараларды қабылдауға негіз болады. Білімгерлердің пікірлері оқу бағдарламаларын жетілдіру, оқыту әдістерін жақсарту және бағалау саясатын тиімді жүргізу үшін маңызды рөл атқарады. Біздің кафедраның 26 оқытушы профессорына қатысты сауалнама жүргізілді.

Сауалнама қорытындыларын жекелей талдайтын болсақ, *бірінші сұраққа* сәйкес, оқу материалдары қол жетімді болды ма және оқытушы пәнді түсінікті жеткізді ме деген сұрақ бойынша, оқу материалдарының (силлабус, дәріс материалдары, тапсырмалар, бағалау критерийлері) қолжетімділігі мен сапасы маңызды фактор екені белгілі. Бұл бойынша кафедра ОПК лар арасында теріс пікір қалдырылмады.

Екінші сұрақ бойынша оқытушының аудиториямен қарым-қатынас жасау қабілетін (аудиториямен толық байланысады, аудиторияның реакциясын бақылайды, пікірталасты конструктивті арнаға аудара алады) қалай бағалайсыз деген аспектіге сай кафедра оқытушылары арасында төмен көрсеткіштер көрсеткендері жоқ.

Үшінші сұрақта оқытушының сабақтарда оқытудың интерактивті, инновациялық әдістерін (кейстер, тренингтер, диспуттар, іскерлік ойындар, дөңгелек үстелдер және т. б.) қолданатындығы туралы сұралған. Бұл сұрақ бойынша кафедралардың 3 оқытушысы 6,75 ұпай мен 7,65 ұпайдың аралығында төмен ұпай көрсеткен. Бұл оқытушыларға сабақ барысында интерактивті және инновациялық әдістерді қолдануы білім алушылардың белсенділігін арттырып, материалды жақсы меңгеруге ықпал ететіндігі туралы кеңестер берілді. Ол үшін Диспуттар мен дөңгелек үстелдер, арнайы бір кейстер арқылы оқыту сынды ұсыныстар айтылды.

Оқытушы тапсырмаларды бағалау критерийлерін (силлабуста немесе сабақтарда) Сізге жеткізе ме және оқытушының Сіздің біліміңізді бағалау әдістемесі қанағаттандыру туралы сұралған төртінші сұрақ бойынша кафедра ОПК-лары 10 мен 8 ұпайдың арасында жинаған.

«Алдағы уақытта Сізде болатын пәндерден осы оқытушы сабақ бергенін қалайсыз ба?» деген *бесінші сұрақ* бойынша 72 білімалушыдан алынған сауалнама нәтижесінде 1 оқытушы 6,68 ұпай және 2 оқытушы 7,64,7,95 ұпай жинап отыр. Осы орайда оқытушының оқыту әдісі, бағалау жүйесі және студенттермен қарым-қатынасы маңызды рөл атқарады. Егер оқытушы материалды түсінікті әрі қызықты жеткізсе, студенттердің сұрақтарына ашық жауап беріп, қолдау көрсетсе, онда одан тағы да сабақ алу жағымды болар еді. Сонымен қатар, егер оның бағалау жүйесі әділ және айқын болса, бұл студенттің оқу процесіне деген сенімін арттырады.

«Оқытушы әрқашан өзін дұрыс ұстады және сіздің үлгеріміңізді әділ бағалады ма?» және деген «Сіздің СӨЖ немесе емтихан нәтижелеріне әсер еткен оқытушымен жарғыдан тыс қарым-қатынас жағдайлары (бопсалау, сыйлықтар, т. б.) болды ма?» деген алтыншы және *жетінші сұрақ* бойынша ПОҚ-тардың арасында төмен ұпай жинаған оқытушылар болмаған.

«Берілген пәннен/курстан күткен үміттеріңіз орындалды ма?» деген *сегізінші сұраққа* кафедрадағы екі оқытушы 10 ұпайдың 7,93 ұпайдан төменгі балл жинаған. Осыған байланысты кафедра оқытушыларына курстан күтілетін нәтижелердің орындалуы бірнеше факторға байланысты екендігі түсіндірілді. Егер пәннің мазмұны алдын-ала белгіленген оқу жоспарына сәйкес келсе, оқытушы материалды жүйелі әрі түсінікті түрде жеткізсе, онда студенттің үміті ақталуы мүмкін. Сонымен қатар, практикалық тапсырмалар, өзекті тақырыптар мен интерактивті оқыту әдістері де білімді тиімді меңгеруге ықпал етеді. Алайда, егер пән мазмұны күтілген деңгейден төмен болса, оқу материалы жеткілікті түрде тереңдетілмесе немесе оқыту әдістері студенттің қажеттіліктеріне сәйкес келмесе, үміттің толық орындалмауы мүмкін. Бағалау әдісі мен оқытушының кері байланысы да маңызды рөл атқарады. Егер студент өзінің дамуын

байқап, курстың оған пайдасы тигенін сезінсе, онда бұл пәннен күткен нәтижелер ақталған деп айтуға болады.

«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі А.Тасова сөз алып, келесі мәселелерді баяндады. Білім беру сапасын арттыру және білімгерлердің оқу процесіне қанағаттану деңгейін бағалау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша кафедрамыздағы 21 ОПҚ-ға қатысты жүргізілді. Сауалнамаға жалпы саны 356 білімгер қатысқан.

Бұл сауалнамада кафедра оқытушылары 3-аспект пен 5-ші аспект бойынша төмен көрсеткіштер көрсеткен. «Оқытушы сабақтарда оқытудың интерактивті, инновациялық әдістерін (кейстер, тренингтер, диспуттар, іскерлік ойындар, дөңгелек үстелдер және т. б.) қолдана ма?» деген сұраққа төмен көрсеткіш көрсеткен оқытушыға мынадай ұсыныстар айтылды. Сабақ барысында оқытушының интерактивті және инновациялық оқыту әдістерін қолдануы білім алушылардың оқу материалын терең меңгеруіне және сабаққа белсенді қатысуына ықпал етеді. Мұндай әдістерге кейстер, тренингтер, іскерлік ойындар, диспуттар, дөңгелек үстелдер және басқа да форматтар жатады. Атап айтқанда, кейстік әдіс нақты жағдайларды талдау арқылы студенттердің шешім қабылдау және логикалық ойлау қабілеттерін дамытады. Бұл теорияны практикамен байланыстыруға жол ашады. Тренингтер мен іскерлік ойындар студенттердің коммуникативтік дағдыларын, креативтілігін, көшбасшылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

«Алдағы уақытта Сізде болатын пәндерден осы оқытушы сабақ бергенін қалайсыз ба?» деген сұрақ бойынша екі оқытушымызда 10 ұпайдың 7,67 және 7,88 ұпай аралығында жинаған. Төмен ұпай жинақтаған оқытушы үшін келешектегі пәндерді жүргізуіне қатысты студенттің пікірі оның оқыту әдістеріне, бағалау жүйесіне және білім алушылармен қарым-қатынасына тікелей байланысты екендігі айтылды. Егер оқытушы оқу материалын түсінікті, құрылымды әрі қызықты түрде жеткізіп, студенттердің сұрақтарына ашық жауап беріп, қажетті қолдау көрсетсе, онда мұндай оқытушыдан алдағы уақытта да сабақ алу оң тәжірибе болар еді деген кеңес берілді.

Оқу процесін жетілдіру барысында білімгерлердің ұсыныстары негізінде оқу процесін ұйымдастыруда икемділік енгізу, оқыту әдістерін жетілдіру үшін оқытушыларға арналған семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру, цифрлық білім беру ресурстарын көбейту, оқу материалдарына онлайн қолжетімділікті кеңейту қажет деп білеміз.

«Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының меңгерушісі А.Рысбекова: Кафедрадан сауалнама онлайн форматта және анонимді түрде жүргізілгендіктен студенттер өз ойларын бкпесіз, еркін білдірді деп ойлаймыз. Енді осы сауалнаманы талдай отырып мынадай негізгі мәселелерге көз жеткіздік: Сауалнаманың 5-ші сұрағында «Алдағы уақытта Сізде болатын пәндерден осы оқытушы сабақ бергенін қалайсыз ба?»

А) Мүлдем жоқ

В) Негізінде маған бәрібір

С) Мен өте қуаныштымын. 124 студенттен 5 – студент мүлдем жоқ- 4 пайыз, 16 студент негізі маған бәрі бір-12 %, ал 103 студент мен өте қуаныштымын - деп 83 % жауап берген. Бұл оқытушының жоғары деңгейін көрсетеді.

7-сұрақта «Сіздің СӨЖ немесе емтихан нәтижелеріне әсер еткен оқытушымен жарғыдан тыс қарым-қатынас жағдайлары (бопсалау, сыйлықтар, т. б.) болды ма?»

А) Иә, болды

В) Болды, бірақ менімен емес

С) Жоқ, мұндай жағдайлар болған жоқ. 124 білім алушыдан 3-уі жоқ- 2,4 %, 6 студент негізі маған бәрі бір деп - 4,8 %, ал 115 білім алушы «мен өте қуаныштымын -92,7 пайыз деп жауап берген. Жалпы кафедраның орташа баллы 9,29 болып тұр.

Енді жекелей сұрақтарды талдайтын болсақ, 3-ші және 5-ші сұрақтар бойынша кафедрамызда бір оқытушы ғана 7,17 және 7,62 ұпай жинаған. Атап айтқанда «алдағы уақытта Сізде болатын пәндерден осы оқытушы сабақ бергенін қалайсыз ба?» сұрағы

бойынша 7,17 ұпай жинаған оқытушыға мынадай кеңестер берілді. оқыту әдісі, бағалау жүйесі және студенттермен қарым-қатынасы маңызды рөл атқарады. Оқытушы материалды түсінікті әрі қызықты жеткізіп, студенттердің сұрақтарына ашық жауап беріп, қолдау көрсетуі тиіс. Ол үшін бағалау жүйесі әділ және айқын болуы керектігі басты назарға алынуы тиіс деп білеміз.

Журналистика кафедрасының меңгерушісі А.Бельдибекова Білім беру сапасын арттыру және білімгерлердің оқу процесіне қанағаттану деңгейін бағалау мақсатында жүргізілген «Оқытушы студент көзімен» атты сауалнама нәтижесі кафедра мәжілісінде профессор-оқытушы құрамның қатысуымен талқыланды. Оқытушыларға берілген оң және теріс бағалар аясында пікір алмасып, кемшіліктермен жұмыс жүргізілу қажеттігі айтылды. Сауалнама онлайн форматта және анонимді түрде жүргізілді, бұл студенттердің еркін пікір білдіруіне мүмкіндік берді. Білімгерлердің сауалнамаға белсенді қатысып, барлық сұрақтарға толық жауап беруіне кафедра деңгейінде ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Бұл білім сапасын арттыруға және білім алушылардың қажеттіліктерін жақсырақ түсінуге ықпал етеді деп сенеміз. Сауалнама нәтижелері, жиналған деректер оқу сапасын жетілдіру бойынша нақты шараларды қабылдауға негіз болады. Білімгерлердің пікірлері оқу бағдарламаларын жетілдіру, оқыту әдістерін жақсарту және бағалау саясатын тиімді жүргізу үшін маңызды рөл атқарады. Жиналған деректер мен ұсыныстар білім беру сапасын жетілдіруге, оқу бағдарламаларын жетілдіруге, оқыту әдістерін дамытуға және бағалау саясатын тиімді жүзеге асыруға негіз болады деп сенеміз.

Шешім 1.1: Білімгерлердің ББ мазмұнына, оқу процесін ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында ұйымдастырылған сауалнамалардың нәтижесінде білім беру сапасы арттырылсын, оқу материалдарына қолжетімділік кеңейтілсін, оқу құралдары мен кешендер шығарылсын, бағалау саясатының әділдігі мен ашықтығы назарға алынсын. (Жауапты: кафедра меңгерушілері)

2. Екінші мәселе бойынша факультеттің оқу-әдістемелік ісі жөніндегі декан орынбасары **Б.Баешова:** ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг нәтижелері талдауды қажет етеді. Ол бойынша 2024-2025 оқу жылында қысқы аралық аттестаттау барысында біздің факультетте академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілері білімгерлер арасында орын алды. Атап айтқанда 2024-2025 оқу жылында қысқы аралық аттестаттау кезінде төмендегі кестеде көрсетілген білім алушылар Академиялық адалдықты сақтамай, шпор қолданып емтихан үстінде актпен шығарылған болатын.

№	БББ	Пәні	Білім алушы аты-жөні	Ескерту
1	B015 Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау (Бакалавр деңгейі)	Археология	Ирисметова Матлуба	Ережені бұзу туралы акт түзілді
2	B042 Журналистика және репортер ісі (Бакалавр деңгейі)	Журналистикаға кіріспе	Болат Аяулым	Ережені бұзу туралы акт түзілді
3	B042 Журналистика және репортер ісі (Бакалавр деңгейі)	Академиялық жазбаға кіріспе	Батыр Мерей	Ережені бұзу туралы акт түзілді

Екінші мәселе бойынша қорытынды сөз алған **факультет деканы А.Куралбаева:** Бұндай академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілерінің алдағы көктемгі сессия барысында тек білімгерлер тарапынан ғана емес, сонымен қатар, оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер тарапынан да орын алуына жол берілмеуін кафедра меңгерушілері қатаң

назарда ұстағандарыңыз жөн. Ол үшін, Академиялық адалдық қағидалары мен, университеттің ішкі ережелерімен қайта таныстырылуын қамтамасыз етулеріңіз керек.

Шешім 2.1: ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг нәтижелері назарға алынсын (*Жауапты: кафедра меңгерушілері*)

Үшінші мәселе бойынша оқу-әдістемелік ісі жөніндегі декан орынбасары Б.Баешова сөз алды. «2024-2025 оқу жылының көктемгі сессия емтихан түрлері факультет кафедраларынан жинақталып, ұсыныс берілген болатын. 2024-2025 оқу жылында білім алушылардың көктемгі семестрдегі БББ бойынша емтихандарды қабылдау түрі төмендегі кестеде көрсетілген.

Білім беру бағдарламасының атауы	Жалпы саны	Жазбаша	Жоба	Шығармашылық	Тәжірибелік	Тест
6B01121 - Психология (IP)	2				2	
6B01101 - Педагогика және психология	9	4			5	
6B01202-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	11	4			7	
6B01303 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	10	2	2		5	1
6B01615 - Тарих	7	3	1		3	
6B01625 - Тарих және қоғамтану (IP)	1		1			
6B02231 -Тарих	6	4			2	
6B03239 - Журналистика	9	3	-	6	-	
6B03279 - Сандық медиа және телерадиожурналистика	9	2	-	7	-	
7M01101-Педагогика және психология	5	3	1		1	
7M01202- Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	2	2				
7M01303 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	6	2	2		2	
7M02210-Тарих	2		2			
Сервис Педагогика және психология	6				4	2
Сервис Тарих	3	1				2
Барлығы	88	30	9	13	31	5

2024-2025 оқу жылында білім алушылардың көктемгі семестрдегі пәндер бойынша емтихандарды қабылдау тілі

Білім беру бағдарламасының атауы	Жалпы саны	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Түрік тілінде
6B01121 - Психология (IP)	2	2		
6B01101 - Педагогика және психология	9	8		1
6B01202-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	8	8		
6B01303 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	10	8		2
6B01615 - Тарих	7	7		
6B01625 - Тарих және қоғамтану (IP)	1	1		
6B02231 -Тарих	6	4	2	
6B03239 - Журналистика	9	9		
6B03279 - Сандық медиа және телерадиожурналистика	9	7		2
7M01101-Педагогика және психология	3	3		

7М01202- Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	2	2		
7М01303 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	6	6		
7М02210-Тарих	2	2		
Сервис ПиП	9	5	4	
Сервис Тарих	3	2		1
Барлығы	88	76	6	6

Шешім 3.1: 2024-2025 оқу жылында қысқы сессия емтихандарын қабылдау түрі көрсетілген кестеге сәйкес бекітуге ұсынылсын.

Төртінші әртүрлі мәселе бойынша «Тарих» кафедрасының доценті, PhD Қ.Базарбаев және магистр, аға оқытушы Э. Акдениздің әзірлеген «Atatürk ilkeleri» атты оқу әдістемелік құралының қолжазбасын университеттің Оқу-әдістемелік комитетінің мәжілісіне қарауға ұсыну туралы. Факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы Р. Хазретәліқызы: Құрметті әріптестер бүгінгі факультеттің оқу-әдістемелік комитетінің кезектен тыс отырысында 2024-2025 оқу жылында оқу, оқу-әдістемелік басылымдарды дайындау жоспарына сәйкес «Тарих» кафедрасының доценті, PhD Қ.Базарбаев және магистр, аға оқытушы Э. Акдениздің әзірлеген «Atatürk ilkeleri» атты оқу-әдістемелік құралының қолжазбасын университеттің оқу-әдістемелік комитетінің мәжілісіне қарауға жіберу туралы мәселені ұсынып отырмын. «Atatürk ilkeleri» атты оқу әдістемелік құралының қолжазбасы талапқа сай әзірленген. Антиплагиаттан ҰҚ 1 – 7,6%, ҰҚ 2 – 1,2% нәтижесімен өткен. Көлемі 10,5 баспа табак. Оқу-әдістемелік құралының қолжазбасына 2 сырттай сын-пікір, біреуі университет ішінен оң пікірлер берілген. Сарапшының оң қорытындысы бар.

«Тарих» кафедрасының меңгерушісі Г.Примкулова: Талкыланып отырған оқу-әдістемелік құрал 2024-2025 оқу жылының басында Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес жаспарланған еді. Себебі «Ата-түрік принциптері» пәнінде оқу-әдістемелік құрал жеткіліксіздігі анықталып, кафедра оқытушылары осы олқылықтан орнын толтыру мақсатында оқу-әдістемелік құрал дайындап шықты. Авторлар ұсынып отырған оқу-әдістемелік құралында тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларға, ұлттық тарих мәселесіне шынайы баға беру дағдылары мен құзыреттері ашық көрсетілген.

Тыңдалым біткеннен кейін Оқу-әдістемелік комитет төрағасы Р. Хазретәліқызы мәжіліске қатысушыларға PhD, доцент Қ.Базарбаев пен магистр, аға оқытушы Э. Акдениздің әзірлеген «Atatürk ilkeleri» атты оқу-әдістемелік құралының қолжазбасын университеттің Оқу-әдістемелік комитетінің мәжілісіне қарауға ұсыну туралы мәселені дауысқа салуды ұсынды. Ұсыныс дауысқа салынды. Шешім бірауыздан қабылданды.

ШЕШІМ:

4.2 «Тарих» кафедрасының доценті, PhD Қ.Базарбаев және магистр, аға оқытушы Э. Акдениздің әзірлеген «Atatürk ilkeleri» атты оқу-әдістемелік құралының қолжазбасы университеттің Оқу-әдістемелік комитетінің мәжілісіне қарауға ұсынылсын.

Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы

Хатшысы



Р.Хазретәліқызы

А.Жарылқасынова